



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi\_kz

## ● ПРЕЗИДЕНТ

### Партияның атқарушы хатшысын қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Аманат» партиясының атқарушы хатшысы Асхат Ораловты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа кезектен тыс өткен XXII съезде партияны жаңғырту жөнінде берген тапсырмаларының орындалуы жөнінде мәлімет берілді.

Асхат Оралов партия Төрағасына Алматы, Шымкент қалаларындағы, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарындағы жұртшылықпен кездесулердің нәтижелері, сондай-ақ қоғамдық қабылдаулардың жұмыстары жөнінде баяндады. Наурыз айынан бері Республикалық мобильді қоғамдық қабылдау 6 өңірде, атап айтқанда Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында тұрғындармен кездесулер өткізді. Маусым айының соңына дейін еліміздің барлық өңірінде қабылдауларды жалғастыру жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, «Аманат» партиясының атқарушы хатшысы негізгі бағдарламалық құжаттарды, партия жанындағы қоғамдық кеңестердің қызметін, жергілікті жерлерде сайлауды бағдарламаның орындалуын тексеруді, бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жандандыру, сондай-ақ «Ашық партия» тұжырымдамасы аясында «Talqula» диалог алаңының іске қосылғаны жөнінде баяндады.

Президент тұрғындармен кері байланыс жасау ісін күшейту, аймақтарда депутаттық фракциялардың тиімділігін арттыру және партияның жастар қанатын жаңғырту қажеттігіне баса мән берді.

Мемлекет басшысы азаматтарды толғандырған мәселелерді шешу үшін «Аманат» партиясында барлық қажетті ресурс бар екенін атап өтті. Президенттің пікірінше, партияның аймақтық филиалдары осы мәселеде негізгі рөл атқаруға тиіс және өз деңгейінде мазмұнды қоғамдық диалогты нығайтуы қажет.

### Саланы дамыту маңызды

Президент «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық компанияның қазіргі жұмыстары мен қаржылық жағдайы және алдағы кезеңдегі даму перспективалары туралы есеп берілді.

Кездесу барысында Каспий құбыр желісі консорциумына қатысты ахуалға ерекше назар аударылды. Президентке аймақтың жылжымалы құрылыстар жүйесін жөндеу жұмыстарының жуырда аяқталатыны жөнінде баяндалды. Бұл Қазақстан мұнайын Каспий құбыр желісі консорциумы арқылы тасымалдаудың бұрынғы көлемін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Атырау облысындағы полипропилен шығаратын кешен құрылысының барысы туралы мәлімет берілді. Мағзұм Мырзағалиевтің айтуынша, аталған зауыттың құрылысын жуық арада аяқтау жоспарланып отыр. Бұл мұнай-газ химиясының өнімі бойынша Қазақстанның нетто-экспорттерге айналуына мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы еліміздің мұнай-газ химиясы саласын дамытудың аса маңызды екенін айтты.

## ӘН ПАДИШАСЫНЫҢ ӘСЕМ ЕСКЕРТКІШІ



Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ

Қазақ ән әлемінің падишасы атанған, ҚР және КСРО халық артисі, «Тарлан» сыйлығының, «Отан» орденінің иегері, Халық қаһарманы Роза Бағланованың туғанына биыл 100 жыл. Ерен еңбегімен, ерекше талантпен есімі аңызға айналған әншінің мерейтойы елден асып, ЮНЕСКО шеңберінде тойлануда. Соның бір айқын көрінісі әншінің туған жері – Сыр елінде еңселі ескерткіш орнатылды.

Сп Фазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

Әншіге қойылған әсем ескерткіштің ашылуында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сөз сөйледі.

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен, қазақтың бұлбұл әншісі Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойын атап өтуге байланысты әлемдік деңгейде қабылданған мәдени іс-шаралар басталып кетті. Соның аясында аяулы әншінің туған жері – Сыр елінде де ауқымды шаралар өтуде.

Бүгін міне, «Айналайын халқымынан

еркелеткен» деп, елінің жүрегінен орын алған, халықтың ерке қызы Роза Бағланованың еңселі ескерткішін ашқалы тұрмыз. Сыр елінің перзенті – Роза Тәжібайқызы Бағланова Қазалы ауданы, қазіргі Әйтеке би кентінде дүниеге келген. Ол өнер жолын Ташкент филармониясының ән-би ансамблінде әнші болып бастаған. Сол ансамбль құрамында Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласында өнер көрсетіп, жауынгерлерге рухани дем

берді. Бұл – шын мәнінде қаһарман қазақ қызының ерлігі. Соның айғағы, ол 1945 жылы 9 мамырда Берлиндегі Жеңіс концертінде қатысты.

КСРО Халық артисі, Халық қаһарманы Роза Тәжібайқызының өнер, руханият саласына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз! Қазақ опера және балет театрының, қазақ филармониясының, «Қазақконцерттің» әншісі болып қызмет атқарды. Ұлттық ән өнерін дамытуда ерекше сазды әншілік мектебін қалыптастырды. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен кәсіби өнерін өркендетіп, әлем сахнасына көтерілуіне орасан зор үлес қосты. Есімі аңызға айналған әнші дүниежүзінің 50-ден астам мемлекетінде өнер көрсетіп, 30-ға жуық тілде ән шырқаған. Роза Бағланова есімі туған топырағы – Сыр елінде үздіксіз насихатталып келеді. Облыс орталығында бір көшеге, Әйтеке би кентіндегі Мәдениет үйіне есімі берілді.

Өнер десе өзгеше тұлғайтын Сыр елі Халық қаһарманы Роза Бағлановаға ескерткіш орнатуы зор ықыласпен қолдады. Сәулетші Бауыржан Кененбаев пен мүсінші Мұрат Сыдықовтың өнер туындысы қаламызға көрік берері сөзсіз. Зәулім ескерткіш құтты болсын! Сіз мәңгі елдің жүрегіндегі, аяулы әнші, қазақтың ән падишасы Роза Тәжібайқызы, – деді облыс әкімі.

Р.Бағланованың ұлы Тәжен, келіні Марал әншінің мерейтойы аясында туған жерінің төрінде еңселі ескерткіш орнатылуы – Сыр елі халқының ыстық ықыласы мен риясыз құрметі екенін айтып, әулеті атынан зор алғысын білдірді. Жыныда Мемлекет және қоғам қайраткері Жарылқасын Шәріпов әншінің өмірдегі адами асқақ болмысын, өнердегі өр бейнесін танытатын тағалымды естеліктер айтты. Ескерткіштің ашылуына аймақтың зиялы қауымы, өнер, мәдениет саласының өкілдері қатысты.

## ДӘСТҮРЛІ «ДАЛА КҮНІ» «Ақмая» алқабына дән себілді



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жұмыс сапарымен Шиелі ауданында болды. Облыс әкімі алдымен Шиелі кентіндегі үш қабатты 18 пәтерлі тұрғын үй құрылысын көрді. «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы аясында қолға алынған құрылыстың келісім-шарт құны 710 млн теңгеге жуық. Бас мердігер – «Жабдықтау» ЖШС. Үш қабатты, 72 пәтерлі тұрғын үй құрылысы 2020 жылы басталған. Алғашқы жылы 195 млн теңгеден астам қаржы бөлінсе, бытыр 515 млн теңгеге жуық қаржы қаралған. Құрылыс 8 айда аяқталуы керек еді, бірақ әлі күнге дейін жалғасуда. Оның себебін мердігер мекеме басшысы қымбатшылықтың белең алуымен түсіндірді.

Н.Бекежанов атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында КСРО Халық артисі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың ән өнеріндегі асыл мұрасын насихаттауға арналған «Ақмандайлым» атты дәстүрлі республикалық ән конкурсы ашылды. Мерекелік кеш әншінің өмір дерегін баян еткен бейнекөрсетілімнен басталды.

### «Ақмандайлым» ән байқауы

Ән конкурсының ашылуында сөз сөйлеген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Ұлы дала төсін әнімен тербеген бұлбұл әнші, біртуар өнер иесі Роза Бағланованың бүкіл саналы ғұмырында ұлт руханиятын асқақтатып, халқының қалтқысыз құрметіне бөленгенін атап өтті. Мерекелік шараға арнайы келген әншінің ұрпағы Тәжен, келіні Маралға ұлттық дәстүрге сай сый-құрмет көрсетті.

Биыл 5-мәрте ұйымдастырылып отырған конкурстың мақсаты – Р.Бағланованың орындаушылық шеберлігі тұрғысынан жас әншілердің өнерін сарапқа салып, әншінің репертуарындағы өзіндік тарихы бар, елдің ерек-

ше ықыласына ие болған әндерді өнер сахнасында қайта жаңғырту. Бұл орайда халық әндері және қазіргі заман композиторларының туындылары насихатталады. Айталық, конкурста қатысушылар бірінші кезеңде Р.Бағланованың репертуарындағы әндердің бірін оркестрдің сүйемелдеуімен орындаса, екінші кезеңде қазақ композиторларының шығармаларынан кез келген бір әнді орындайды. Ән байқауына республиканың 9 облысы мен Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан 15 әнші қатысуда. Оның ішінде Қызылорда қаласынан және Арал, Қазалы аудандарының атынан бақ сынайтын үміткерлер бар.





## ЫНТАЛЫ КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ КЕРЕК



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен селекторлық режимде Үкімет отырысы өтіп, елдегі шағын және орта бизнесті дамыту және кәсіптік білім беру оқу орындарында маман даярлау мәселелері қаралды.

Жиынға тиісті сала басшылары мен барлық өңірдің әкімдері қатысты.

Үкімет басшысы Ұлттық экономика министрлігіне «Атамекен» ҰКП-мен бірге «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту» тұжырымдамасын сапалы іске асыруды, мемлекеттік органдармен бірге тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде бизнесті мемлекеттік бақылау жүйесін автоматтандыру жөніндегі Жол картасын әзірлеуді тапсырды.

Жиыннан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысына шағын және орта бизнесті дамытуға ынталы кәсіпкерлерді белсенді түрде тартып, оларды мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдауды, ал білім басқармасының басшысына мамандарды даярлау бағытында еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие жұмысшы кадрларды оқыту бойынша әрбір басқармадан ұсыныс жинақтап, талдау жасауды тапсырды.

## ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Аралтұз» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Даурен Мұқашевпен кездесті. Басқосуда өндіріс қызметкерлерінің жағдайы, компания атынан әлеуметтік қолдау шараларын ұйымдастыру мәселелері сөз болды.

## Мүмкіндіктер бастамаға жол ашады

Сонымен қатар өндірістік қызметті әртарапандыру үшін «Кальцийленген сода өндіру зауыты» жобасын іске асыру мәселесі көтерілді.

Жобаны жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті шаралар қабылданып, жер телімдері берілді. Инженерлік инфрақұрылымның 5 нысанын салу «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде

жүргізілуде. Жалпы құны – 4,8 млрд теңге. Қажетті шикізатпен қамтамасыз ету үшін кен орындарын игеруге рұқсат берілді. Бұл еліміздің осы өнімге қажеттілігінің 75%-ін өтейтін, республикадағы кальцийленген сода шығаратын ірі зауыт болады.

Аймақ басшысы барлық мүмкіндікті пайдаланып, зауыт құрылысын жуық арада бастау қажет екенін атап өтті.

## Бағаны ырыққа бағындыру үшін

Кеше облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртайдың төрағалығымен азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселесі талқыланған селекторлық жиын өтті. Оған жауапты басшылар, ірі сауда орындары өкілдері мен көтерме жеткізушілер қатысты.

Облыс әкімдігінің ахуалдық орталығында өткен жиында азық-түлік бағасын тұрақтандыру, 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімінің тұтынушыға қанша делдалдық тізбектен өтіп сатылатыны талқыланды. Үкімет тапсырмасына сәйкес, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасына күнделікті мониторинг жүргізіліп, делдалдық тізбегіне талдау жасалуда.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларына күнделікті мониторинг жүргізілуде. 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бойынша соңғы тұтынушыға яғни, облыс тұрғындарына бірнеше делдалдық тізбектен өтіп сатылуда. Сол үшін біздің өңірдегі ірі сауда үйлері өндірушілермен тікелей жұмыс жасауы қажет. Сондай-ақ кейінгі уақытта кейбір дүкендерде азық-түлік тауарларына 100 пайыздық үстеме қосып сатқан кәсіп иелері де анықталды. Айналып келгенде барлығымыз да – тұтынушымыз. Бір адамның мүддесі халықтың мүддесінен жоғары болмауы тиіс, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Өңірде көкөніс пен жеміс-

жидек бағасының өсімі байқалуда. Ел аумағында жана өнім әлі толық піспеген және өзге аймақтардан әкелінеді. Мысалы, картоп Павлодар өнімінің тұтынушыға қанша делдалдық тізбектен өтіп сатылатыны талқыланды. Үкімет тапсырмасына сәйкес, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасына күнделікті мониторинг жүргізіліп, делдалдық тізбегіне талдау жасалуда.

Бағаны тұрақтандыру үшін тұрақтандыру қоры мен айналым схемасы аясында кәсіпкерлік субъектілеріне заем беру шаралары қабылданды. Бүгінде тұрақтандыру қорында 1351 тонна өнім бар. Ал, айналым схемасы бойынша берілген 1143 млн теңгеге 21 келісім-шарт негізінде кәсіпкерлік субъектілеріне заем берілген.

Жиын соңында Қ.Нұртай тұрақтандыру қоры арқылы реттелетін 19 түрлі азық-түліктің шекті бағадан аспауын қадағалауды күшейтуді тапсырып, тапшылық туындап отырған еске салды. Сондай-ақ, ірі сауда өкілдеріне сауда нысандары аумағының тазалығына мән беру қажетін ескертті.

«СБ» ақпарат



## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

## Жаңа құрамда жұмысын бастады

Қоғам мен билік арасында ашық әрі орнықты диалог орнатып, елдік мәселелерді шешуге қоғамдық кеңестер өз үлесін қосып келеді.

Мемлекет пен азаматтық ұстанымы нық азаматтардың бірлескен істі талқылауға мүмкіндік беретін ашық алаңға айналып үлгерді. Ережеге сай олар үш жыл мерзімге құрылады. Облыстық қоғамдық кеңестің 2019 жылы жасалған құрамы өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып, жақында жұмысын аяқтаған болатын. Осы кезеңде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты көптеген мәселе талқыланды.

Апта басында жаңадан жасалған облыстық кеңестің алғашқы отырысы өтті. Оған облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов қатысты. Кеңестің алғашқы отырысын жұмысшы топ төрағасы Райкүл Байназарова ашты.

Наурыз айындағы конкурс негізінде қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен өзін өзі ұсынған жалпы 62 кандидаттан ұсыныс түсті. Жұмыс тобының мүшелері әр кандидатпен жеке-жеке әңгімелесті. Нәтижесінде облыстың саяси-әлеуметтік, экономикалық салаларын да-

мытуға үлес қосып, түрлі салаларда көп жылдар бойы қызмет атқарып, мол тәжірибе жинақтаған азаматтар қатарынан 30 кандидат кеңес мүшелігіне ұсынылып, облыстық мәслихат сессиясында мақұлданды – деді ол.

Өз кезегінде Н.Байқадамов мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру, билік пен азаматтық қоғам арасындағы байланысты қамтамасыз ету де қоғамдық кеңеске артылар жауапкершілік одан әрі күшейе түсетінін айтты. Бірінші кезекте әлеуметтік мәселелерді шешуге, халықтың сұранысы мен талабын қанағаттандыруға бағытталуы тиіс.

Қоғамдық кеңестің ережесі таныстырылып, кеңес мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы облыстық қоғамдық кеңестің жаңа төрағасы болып Әріп Хожбанов сайланды. Әріп Битілеуұлы өзіне көрсетілген сенім үшін рахмет айтып, жаңа құрам елімізде азаматтық белсенділікті жандандыруға үлес қосатынын жеткізді.

«СБ» ақпарат

## САПАР

## Жүйелі жұмыс табысқа жеткізеді



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданында бірқатар нысандарды аралап, аудан активімен кездесті.

Алдымен аймақ басшысы «Абдулла» шаруа қожалығының құрылысымен танысты. Құрылыс өткен жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қолдауымен басталды. Толық іске қосылғаннан кейін фабрика облыс халқы тұтынатын құс етінің 33%-ін қамтамасыз етпек. Неміс технологиясымен салынатын нысанда 120 жергілікті маман жұмыспен қамтылмақ.

Құрылыс жұмыстарымен танысқан облыс әкімі мұндай өзекті әрі тиімді жобаларды қолдау, өндірістің уақытылы

іске қосылуына жұмыс жүргізу қажет екенін алға тартты.

Мұнан соң облыс әкімі Жаңақорған кентінде салынып жатқан 300 орындық мектептің жағдайымен танысты. Құрылыстың бас мердігері – «ҚазҚұрылыс» ЖШС. Білім ордасының құрылысы пандемия шектеуі салдарынан кешіктірілген, жаңа оқу жылында пайдалануға берілмек. Облыс әкімі мердігер компания басшысына мектеп құрылысын сапалы әрі уақытылы жүргізуді міндеттеді.

Өрі қарай актив отырысында Нұрлыбек Нәлібаев ауданның жаңа әкімі Мұрат Тілеумбетовті таныстырып, ауданның бұрынғы басшысы Руслан Рүстемовке абыройлы қызметі үшін алғысын жеткізді. Сондай-ақ аудан экономикасын дамытуға бағытталған инвестициялар мен жобалардың сәтті жүзеге асқанын айтты.

Өткен жылы пандемияның салдарынан қалыптасқан дағдарысқа қарамастан, Қызылорда қаласы мен аудандар арасында Жаңақорған барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша жоспарлы жекеменшік асыра орындаған бірегей аудан болды.

Облысқа тартылған инвестициялардың 11%-і осы ауданға тиесілі. Мал шаруашылығы бойынша өткен жылдың қорытындысымен «Озат аудан» атанды.

Облыста тұңғыш рет кәсіпкерлік максаттағы жер учаскелері электронды форматтағы аукционмен өткізілді. Нәтижесінде, жер сатудан бюджетке түсетін түсім 10 есеге дейін артты. Қазіргі уақытта Жаңақорған кентінде жылына 3,5 мың тонна құс етін өндіретін құс фабрикасының құрылысы жүрде, – деді Н.Нәлібаев.

Жиында аймақ басшысы индустрияландыру, шағын және орта бизнесті қолдау және ауыл шаруашылығы саласын жаңа бағытта дамыту қажеттігін еске салып, Президенттің «Жаңа Қазақстан» бастамасына қолдау білдіріп, әріптестерін ел дамуы жолында аянбай еңбек етуге шақырды.

Жиын соңында ардагерлер Зинабдин Шермағанбетов пен Серқожа Ыдырысов игі лебіздерін білдіріп, ақ батасын берді.

## ТАҒАЙЫНДАУ

## Мұрат Тілеумбетов – Жаңақорған ауданының әкімі

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Жаңақорған аудандық мәслихатының келісімдері бойынша облыс әкімінің өкімімен Жаңақорған ауданының әкімі лауазымына Тілеумбетов Мұрат Жолкелдіұлы тағайындалды.



Тілеумбетов Мұрат 1963 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтын «инженер-құрылысшы» және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «эконо-

мист» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1985 жылы Қызылорда құрылыс тресінің жұмысшысы ретінде бастап, аталған мекемеде мастер,

инженер-жабдықтаушы және шағын кәсіпорын директоры лауазымында 1995 жылға дейін қызмет атқарған.

1995-2010 жылдары «Интертич-Кезнар» шағын өндірістік кәсіпорнының өкілі, «Ақ маржан» акционерлік қоғамына қарасты «Реалбаза» мекемесінің директоры, «Жабдықтау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры болған.

2010-2013 жылдары Қызылорда облысының мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің бас маманы, бөлім бастығы;

2013-2014 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары;

2014-2017 жылдары Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы;

2017-2019 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің Сырдария өзенінің сол жағалауы және Автобус парк мәселелері бойынша кеңесшісі қызметін атқарған.

2019-2020 жылдары Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы болған.

2020 жылдың сәуір айынан бастап Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы қызметін атқарып келеді.

## «Ақмаңдайлым» ән байқауы

Қазылар алқасының құрамында казак эстрадасының өнер жұлдыздары, ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Жеңіс Сейділолаулы, Сембек Жұмағалиев, Рамазан Тайманов, ҚР еңбек сіңірген артистері Күлән Қалымбетова және Бактияр Тайлақбаев байқауға қатысушылардың өнеріне баға береді.

Роза Бағланова қиындығы мен қуанышы қатар өрілген өмір жолында қайсар мінезімен, қайталанбас талантымен ұлтымыздың даңқты да дара тұлғасына айналды. Өн өнеріндегі ғажап болмысымен, ғаламат дауысымен есімі аңыз болды. Сонау Ұлы Отан соғысы жылдары майдан даласында ән салып, жауынгерлерге жігер берген казак қызының қаһармандығын әлем таныды. Өмірден өткенше ұлтының мәдениеті мен өнерін жер жүзіне насихаттап, күллі казак даласын бұлбұл үнімен тербетті.

«СБ» ақпарат





● РОЗА БАГЛАНОВА – 100

# АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ АҚМАҢДАЙЫ

Ұлт тарихында есімі қалған ұлы тұлғаларымыздың бірі – аты аңызға айналған әнші, КСРО және Қазақстанның Халық әртісі, Халық қаһарманы, жерлесіміз Роза Бағланова. Ол 1922 жылы Қазалы ауданында өмірге келген.

**Сб** Дүйсенбек АЯШУЛЫ,  
«Сыр бойы»

Әкесі Тәжібай бақуатты кісі болған. Әуелі татар қызы Мәриямға үйленген. Бірақ одан сәбилі болмаған. Кейін шешесі Күндей ер адамға ізін жалғастыратын ұрпақ керек деп, екінші рет Ақкүрші деген қазақ қызын алып береді. Осыдан соң Тәжібайдың екі әйелі қатар босанып, Мәриямнан Ыдырыс деген ұл, Ақкүршінен Роза дүниеге келген.

Кенес өкіметінің аумалы-төкпелі кезінде Тәжібай отбасы ауа көшкен жұртпен бірге Өзбекстанға барып орныққан.

Ол кезде Роза алты жастың шамасында болса керек. Тұрмыстың қиындығынан қу бейнетке байланған аке-шешесі қызын Ташкенттегі балалар үйіне берген. Негізі Розаның азан шақырып қойған аты Ұрбобі болатын. Оған орыс тәрбиешілерінің тілі келмей, гүл секілді үлбіреген кішкентай қызды Роза деп атап кеткен. Құжатын да солай толтырған.

Ыдырыс әскерге кетіп, содан оралмаған. Ал, Роза болса, Өзбекстанда оқып, Ташкент филармониясында еңбек жолын бастаған.

Бірге кездескен кейбір деректерде Роза Бағланованың 1941 жылы Қызылорда пединститутын бітіргендігі айтылады.

«Менің бағымды ашқан Кари Якупов деген кісі, – дейді әншінің өзі, – соның көмегімен Ташкент филармониясына жұмысқа тұрдым». Осы дерекке сүйенген дұрыс. Өйткені, тағы бір деректе «1941 жылы Мәскеу консерваториясына жолдама алғанымда соғыс басталып кетті» депті Розаның өзі. Ал, соғыс жылдары Ташкент консерваториясы ансамблі құрамымен майдан даласында өнер көрсетуді бастайды. 1945 жылы Берлинде Женіс концертіне қатысады. Мұны Мәскеуде Жоғары партия мектебінде оқып жүрген Жұбан Молдағалиев естіп, Розаны елге кайтаруға әрекет етеді. Соғыстан кейін әншінің кездестірген Кенес Одағының батыры атағын екі мәрте алған даңқты Талғат Бигелдинов «өз еліне орал» деп ақыл беріпті. Сол маркаға азаматтардың қолдауымен Роза Қазақстанға 1947 жылы оралады. Содан 1949 жылға дейін Абай атындағы қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театрында жұмыс істейді.

1949 жылы Бухаресте өткен дүниежүзілік жастар мен студенттердің 2-фестивалінің лауреаты атанады. 1949-1960 жылдары Жамбыл атындағы республикалық филармонияда жұмыс істейді. 1960 жылдан «Қазақконцерт» солисі болады. Бүгінде аңыз әнші еңбек еткен бұл өнер мекемесі Роза Бағланова есімімен аталады.

Өзі балалар үйінде өскен Роза балажан болған. Ұлын өмір бойы «Ақ Төжен» десе, ал, келіні Маралды «Бозторғайым» деген, немересін «Алтын сақам» деп атаған. Ұлы адамның өзіне тән ерекшелігі болады. Роза Тәжібайқызының ерекшелігі өте қарапайым және айналып-толғанып сөйлейтіні деседі. Ол кез келген жерде концерт беріп жүре берген. Маған жағдай жаса деп айтпаған.

Бір жылдары Меркі ауданына Роза келе жатыр дегенді естіген аудан әкімі қонақ үйді жөндеп әбгерге түсіпті. Сөйтсе, әнші құдасының үйіне қонып, қайтып кетіпті. Әрине, бұл әркімнен табыла бермейтін қарапайымдылық еді.

Көмейіне бұлбұл ұя салған әнші Ұлы Отан соғысы жылдары майдан даласында ән салып, жауды жеңуге өнерімен үлес қосып, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Кейін оған «Кенес Одағының халық артисі» деген атақпен қатар «Ленин», «Халықтар достығы» ордендері берілген.

Ол – өз заманында АҚШ-ты, бүкіл Еуропаны аралап, концерт берген бірден бір өнер адамы. Мысалы, елуінші жылдардың өзінде гастрольдік сапармен Венгрия, Германия, Қытай, Польша, Чехословакия, Ауғанстан, Үндістан, Австрия, Бельгия, Бирма, Швеция, Канада сынды елдерде болған. Елизавета патшайымның алдында ән шықпаған. Үш рет Сталиннің жеке қабылдауында болған. «Халықтар көсемі» бір көргенде Розаға: «Қызға қос бұрым жарасады, грузин қыздары да шашын қос бұрым қылып ереді, сонымен әдемі көрінеді» депті. Әрине, бетіне қарауға жан батпаған Сталиннің қазақ қызына бұлай мақтау айтуы оның өнерін бағалағандық еді.

Сұлулығы сахнаны сәнге бөлеп, ерекше дауысымен, ұлттық нақыштағы киімімен барша тыңдарманын таңырқатқан әнші – қазақтың атын, дарынын, дәстүрін қатар танытқан тұлға.

Роза Тәжібайқызы әншілік өнермен қатар саяси-қоғамдық жұмыстарды атқарды. 1950 жылдары Алматы қалалық кеңесінің депутаты болған. Кенес жұмысына белсене араласып, жұмысшылардың өзекті мәселелерін шешуге көмектескен.

1980 жылы Қазақстан Компартиясының пленумында сөз сөйлеген Роза Тәжібайқызының бейнетаспасын «YouTube» арнасынан көруіңізге болады. Әнші Арал проблемасын, Семей сұмдығын айтып шырылдап тұр. Ат үркетін атағы бар ғалымдардың тұтас ұлт қасіретіне көз жұма қарап шынықтық айтыпайтын.

Қылышынан қаны тамып тұрған



коммунистік партияның кезінде мұндай ақиқатты жайып салуға екінің бірінің батылдығы жеткен жоқ.

Бұл нағыз батырлық емес пе?! Биыл аңыз әнші топырақ жасымен 100-ге толып отыр.

Осы атаулы күнге орай ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдік дәрежеде бірақтар мәдени шаралардың атқарылатынын арнайы атап өткен болатын.

Бұл жөнінде Президент Twitter парақшасында: «Майдан даласында ән салған Роза Бағланова кәзіргі күнге дейін еліміздегі және шетелдегі әншілер қауымы арасында кеңінен танымал. Оның есімін мәңгі сақтау үшін шаралар қабылдауды тапсырдым» деп жазды.

Роза Бағланова есімін ұлықтау оның туған топырағы Сыр елінде де бұрыннан іске асырылып келеді. Қазалы ауданы Өйтеке би кентіндегі орталық көшеге және мәдениет орталығына Роза Бағланованың есімі берілген, бюсті орнатылған. Сондай-ақ, облыс орталығында да Бағланова атындағы көше бар.

Міне, енді Қызылорда қаласының нақ төрінен аңыз адамға арналған ескерткіш бой көтерді. Бұл ескерткіш атақты тұлғаны ұмыттырмайтын еңсесімен биік, бұл ескерткіш ұрпаққа рух беріп, олардың отаншылдық сүйіспеншілігін арттыратын бейнесімен асқақ. Қызылорданың келбетіне көрік, кеудесіне рух қосқан асыл

бейненің биік образбен сомдаған ескерткіші Мәңгілік ел ұрпақтарының кәсірлі мирасына айналмақ.

Осынау тарихи күні өнер-сүйер жұртшылық ұлы әншінің 100 жылдық мерейтойына арналған «Ақмаңдайлым» атты республикалық әншілер конкурсының ашылуына куә болып отыр.

«Ақмаңдайлым», «На солнечной поляночке», «Ах, Самара-городок» секілді әндерді Ресейде, Орта Азияда, Қазақстанда Роза Бағланова секілді ешкім де ұшар шыңына жеткізіп орындай алмаған.

Ол Мәскеуде өткен Бүкілодақтық эстрада әншілерінің екінші конкурсының дипломанты, Бухаресте өткен Жастар мен студенттердің II бүкіл дүниежүзілік фестивалінің лауреаты болды. Осы фестивальда халық әндерін орындағаны үшін арнайы сыйлық иеленді. Роза Бағланова еліміздің мәдениеті мен өнерін дамытуға қосқан зор үлесі үшін Халық қаһарманы атағына ие болды, «Шапағат» медалімен марапатталды, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын иеленді.

Сонымен бірге Роза Бағланова Қазақстанның ғана емес, Қырғызстанның да халық артисі атағын алған. Ол – әншілер арасында «Халық қаһарманы» атанған тұңғыш тұлға.

Аңызға айналған қазақтың Ақмаңдайлымы халық жадында мәңгі жасай бермек.

## ЕЛ ҚҰРМЕТІ ЕРЕН

2015 жылы 30 мамырда Роза Бағланованың туған жері Қазалы ауданында әншінің ескерткіш-бюсті ашылған болатын.

«Женіс» саябағында салынған Роза Бағланова атындағы 300 орындық мәдениет үйінің алдына ескерткіш-бюст – әншіге арналған Қазақстандағы тұңғыш ескерткіш.

Мүсінінің авторы – ҚР Халық мүсінішісі, өнер қайраткері Бақытжан Әбішев. Мүсін қоладан құйылған. Тұғыры бетоннан құйылып, сырты гранитпен қапталған.

Мұнан соң Р.Бағланованың 100 жылдығына еңселі ескерткіш Алматы қаласында ашылды.

1949-1960 жылдар аралығында Роза Бағланова өнер көрсеткен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы ғимаратының алдына биіктігі 4,8 метр қоладан жасалған ескерткіш әншінің сахнадағы шабытты сәтін бейнелеген.

Қола және гранит ескерткішінің авторлары, мүсінішілер – Д.Ағзамов, Ө.Ақжолтай, А.Жамхан, Ө.Қабыл.

Аңыз әншінің ғасырлық тойы тұсында Алаштың анасы Сыр елінің бас қаласы Қызылордадан еңсе тіктеген тастұғыр – еліміз бойынша салынған үшінші ескерткіш.

\*\*\*

Ұлы тұлға деген елдік құрметтің бір белгісі ретінде «Аса көрнекті оқиғалар мен адамдар» сериясы бойынша КСРО халық артисі, Қазақстанның Халық қаһарманы, әнші Роза Бағланованың бейнесімен 100 теңгелік ақша жасалып шықты.

Монета бетінің (аверсін) орталық бөлігінде Қазақстанның мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның оң жағы мен сол жағында ою-өрнек элементтері орналасқан. Монетаны айналыра «QAZAQSTAN ULTYQ BANKI. NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN» деген жазу жазылған. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «100 TENGE» жазуы бар. Екінші бетінде (реверсінде) Роза Бағланованың суреті, портреттің сол жағында мерейтойлық датаны білдіретін 100 JYL деген жазу бар. Монетаны айналыра «Ах, Самара-городок» әнінің ноталары, «ROZA BAGLANOVA» жазуы, монетаның шыққан жылын білдіретін «2022» деген жазу бар. Коллекциялық монета салмағы 15 грамм, brilliant uncirculated сапада, 100 теңгелік номиналмен 15 000 дана болып шыққан.

Коллекциялық монета Қазақстанның Тенге сарайында жасалған.

\*\*\*

**Қазақ сахнасының сәні – Роза Бағланованың өнеріне, өр бейнесіне, майдандағы ерлігіне, бозторғай үніне өлең арнамаған ақыдар аз шығар. Сыр топырағынан түлеп, қазақ әнін төрткіл дүниеге танытқан әншінің сахнадағы, өлеңдегі, әндігі бейнесі туған жеріндегі еңселі ескерткішке айналған күні солардың бірді-екісіне тоқталсақ.**

Сәбит Мұқанов: – Киіктің үйіріліп асығындай, Ойнакшып тәтті әндерге басуын-ай! Таулардан, өзендерден, мұхиттардан Үнінің кідірместен асуын-ай!.. Киіктің үйіріліп асығындай, Ойнакшып тәтті әндерге басуын-ай! Төгілген көмекейден сыңғыр үнде Мүлтік жоқ, иненің де жасуындай! Киіктің үйіріліп асығындай, Ойнакшып тәтті әндерге басуын-ай! Қазақтың мәдениет сарайында, Бұл да бір бағасы зор асылындай, – деп жырлапты.

Ал Қалижан Бекхожиннің «Өнердің бағындағы Роза – гүлім» атты жырында: – Қағып сен ән қанатын гүлстанда, Лебіңмен мерей бердің туыстарға. Сайрадың Европаның өрлерінде, Үніңмен гүл сыйладың Үндістанға. Өнердің бағындағы Роза-гүлім, Төбіренем жұпарымен наз әңіңнің. Қалқашым, сандуаштай сайрай берші, Таратып дүниеге қазақ үнін! – деп тілегін арнаған.

– Үстінде сары пальто, Сары тысты дәптері де. Қызылорда институтының Бір сары кыз отыратын Қадалып қат төрінде. Кім білсін үш алды ма? Емтихан кездерінде, Кім білсін түсе алды ма, Жігіттер көздеріне.

Ортада – ойшыл өлең, Басталды той торқалы. Сахнада мен – «қойшы Кобен» Роза – «Сарқырама» Роза Бағланова! Сайрады сахнада, Роза Бағланова! Аңсаған арман етіп, Жеттің сен өз күніңе Қызылорда институтына Соғып тұр. Соғып тұр сен, Балалық мезгіліңе. Сонда сен жолығасың Балалық өз үніңе! – деген Сырбай Мәуленовтің өлеңі де әншінің асыл бейнесіне қойылған ескерткіш секілді.

Ал Күләш Ахметованың «Бозторғай» атты өлеңінде:

– Сағыныш боп сарқырап Сырдария – нулы айдын, Қыпша бәлі майысып сабағындай қурайдың, Екі көзі мөлтілген ән салады бозторғай Орманында жат жердің,

жағасында Дунайдың. Жүрегіне солдаттың жігер қосып қаншама, Бір-бір шөкім үміт — Күн үлестіріп баршаға, Қою түтін ішінде ұшып жүрді жарық ән, Лүп-лүп етіп шамдары

ұйықтамайды Варшава. Женіс керек Отанға, күресе де кім қатіп, Қуыршақтай арудың құлын көңілі

тынбай тұқ, Алғы шепте адамның сенім-күшін ұлғайтып, «Ах, Самара, городок» деген әнді тұрды айтты, – деген жолдар бар.

## МЕРЕЙЛІ ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗДЫ ІС-ШАРАЛАРЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде қазақ өнері мен мәдениетінің тарихында өшпес із қалдырған Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған іс-шаралар туралы баспасөз конференциясы өтті.

**Сб** Аружан ЕРАЛЫ,  
«Сыр бойы»

Конференцияға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Жанат Құрамысова, ҚР Мәдениет қайраткері Қуаныш Әбдіқалымов, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Женіс Сейдолов және әншінің ұлы Тәжен мен келіні Марал Бағлановтар қатысты.

Қазақстан және КСРО Халық артисі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойы республика, ЮНЕСКО көлемінде аталып өтіп жатыр.

Осы орайда өңірде облыстық іс-шаралар жоспары бекітілген. Әншінің мұрасын ұлықтау үшін жыл басынан бері бірқатары өтті. Сондай-ақ, алдағы уақытта барлық мәдениет ұйымдарында облыстық, қалалық, аудандық әншілер байқауы мен ән кештері ұйымдастырылып, қазан айында Қазалы ау-



данында республикалық ақындар айтысы мен «Іңкәрім-ай» атты аймақтық әншілер конкурсына жалғасады.

Сыр өңірінен қанаттанып, өресі биік ән падишасына айналған ғазиз ғұмыр иесінің мерейтойы қаламыздың орталық алаңында бой көтерген ескерткіштің ашылуымен бастау алғалы тұр. Сондай-ақ, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында 2 күн бойы «Ақмаңдайлым» атты республикалық әншілер конкурсы мен

гала-концерті өтеді. Конкурста екі кезең бойынша еліміздің түкпір-түкпірінен 18-30 жас аралығындағы 15 талапкер іріктеліп, бақ сынайды. Бірінші кезеңде Р.Бағланованың репертуарынан бір әнді эстрадалық-симфониялық бағытта, екінші кезеңде қазақ композиторларының әндерін жанды дауыста орындайды.

Байқауға Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің директоры Ж.Сейдоловты, Қазақ Ұлттық өнер университетінің профессоры, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері С.Жү-

мағалиев, «Алматы әуендері» концерттік бірлестігінің көркемдік жетекшісі Б.Тайлақбаев және композитор Р.Тайманов пен Қазақстанның еңбек сіңірген артисі К.Қалымбетова қазылық етеді.

Ұлттық ән мұрамыздың бүгінгі өкілдері еліміздің рухани қазынасын келер ұрпаққа жеткізетініне сенім мол. Қазақ өнері мен мәдениетінің алтын дінгегі атанған Сыр елінің біртуар перзенті Роза Бағланованың өнері мен габриатты ғұмырын насихаттау – біздің басты парызымыз.



